

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 20 ж. «26» 11 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 201140031384

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 22 ж. «10» 02 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 201140031384

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 26.11 ЖЫЛ 2020

«Қазақстандық теміржол жүк тасымалдаушыларының
қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» ЗТБ
мүшелерінің жалпы жиналысымен бекітілген
2022 жылы «27» қаңтардағы №05 хаттама



**«Қазақстандық теміржол жүк тасымалдаушыларының
қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» ЗТБ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстандық теміржол жүк тасымалдаушыларының қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» заңды тұлғалардың бірлестігі (бұдан әрі – ӨРҰ деп аталатын) заңды тұлғалардың (бұдан әрі – мүшелер) ерікті бірлестігі, өз еркімен қатысуға негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылады.

1.2. ӨРҰ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Өзін-өзі реттеу туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.3. ӨРҰ заңды тұлға болып табылады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді өз атынан иеленеді және жүзеге асырады, сотқа талапкер және жауапкер болып қатысады, дербес теңгерімі, банктердегі шоттары, дөңгелек мөрі, өз атауымен бланкісі, эмблемасы мен мемлекеттік және орыс тіліндегі басқа да көзбен көріп сәйкестендіру құралдары бар.

1.4. ӨРҰ атауы:

1) қазақ тіліндегі толық атауы – **«Қазақстандық теміржол жүк тасымалдаушыларының қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» заңды тұлғалардың бірлестігі»;**

қысқартылған атауы - **«Қазақстандық теміржол жүк тасымалдаушыларының қауымдастығы» өзін-өзі реттейтін ұйымы» ЗТБ;**

2) орыс тіліндегі толық атауы – **Объединение юридических лиц «Саморегулируемая организация «Ассоциация казахстанских грузовых железнодорожных перевозчиков»;**

қысқартылған атауы – **ОЮЛ «Саморегулируемая организация «Ассоциация казахстанских грузовых железнодорожных перевозчиков».**

1.5. ӨРҰ орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Есіл ауданы, Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 18-үй.

1.6. ӨРҰ құрылтайшылары деп ӨРҰ құратын (жасайтын) және ол уәкілетті органдарда тіркелген соң оның толық құқықты мүшелері болатын заңды тұлғалар танылады.

1.7. ӨРҰ коммерциялық емес ұйым болып табылады және пайда табу мақсатын қумайды.

1.8. ӨРҰ өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мемлекеттік тізіліміне ӨРҰ туралы мәліметтер кіргізілген күннен бастап өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесіне ие болады және аталған тізілімнен ӨРҰ туралы мәліметтер шығарылған сәттен бастап осы мәртебеден айырылады.

1.9. ӨРҰ тексерулер жүргізу арқылы өз мүшелерінің кәсіпкерлік қызметін олар ӨРҰ ережелері мен стандарттарын, ӨРҰ мүшелік шарттарын сақтауы жағынан бақылауды жүзеге асырады.

1.10. ӨРҰ мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, теміржол әкімшіліктері мен халықаралық ұйымдарда отандық теміржол жүк тасымалдаушыларының мүдделеріне өкілдік етеді және оларды қорғайды.

1.11. ӨРҰ Қазақстан Республикасы аумағында филиалдар мен өкілдіктер ашуға және оларға мүлік бөліп беруге құқылы.

1.12. Өзін-өзі реттеуде мүдделер қайшылығын болдырмау мақсатында ӨРҰ мүшелері, ӨРҰ басқару органдарының құрамына кіретін тұлғалар, оның жұмыскерлері ӨРҰ мүдделерін ең алдымен оның қызметінің мақсаттарына қатысты сақтауға міндетті және олардың өз кәсіби міндеттерін жүзеге асырумен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға немесе осындай мүмкіндіктерді ӨРҰ жарғысында көрсетілген мақсаттарға қайшы пайдалануды болдырмауға тиіс.

2. ӨРҰ ПӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

2.1. ӨРҰ қызметінің пәні – отандық теміржол жүк тасымалдаушыларының біріктіру және теміржол көлігімен жүк тасымалдау саласындағы бәсекелестікті дамыту.

2.2. ӨРҰ мақсаттары:

1) теміржол көлігімен жүк тасымалдау саласындағы қызметтер нарығы дамуын ынталандыратын нормативтік актілерді әзірлеу мен қабылдауға жәрдемдесу;

2) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, теміржол әкімшіліктері мен халықаралық ұйымдарда ӨРҰ мүшелерінің мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау;

3) ӨРҰ мүшелері арасындағы даулар мен жанжалдарды шешу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында теміржол көлігімен жүк тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезіндегі олардың іс-әрекетін үйлестіру;

4) теміржол көлігімен жүк тасымалдауды ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибені қолдану, өз мүшелері үшін олардың қызметіне жаңа тиімді әдістер мен технологиялар енгізу жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

5) қызметінің проблемалы мәселелері бойынша кеңестер, конференциялар және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру, ӨРҰ мүшелеріне кеңестік және әдістемелік көмек көрсету;

6) ғылыми-зерттеу, әдістемелік, ақпараттық, өкілдік және жарнамалық іс-шаралар өткізу;

7) теміржол көлігімен жүк тасымалдау бойынша отандық қызметтердің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) отандық жүк тасымалдаушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

9) нарық қатысушыларының тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту;

10) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттар.

3. ӨРҰ МҮЛКІ

3.1. ӨРҰ мүлкін қалыптастыру көздері келесілер:

- 1) ӨРҰ мүшелерінің міндетті жарналары;
- 2) ерікті мүлдіктік жарналар және қайырлар;
- 3) ӨРҰ мүшелерінің кәсіпкерлік қызметімен, коммерциялық немесе кәсіби мүдделерімен байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат;
- 4) ӨРҰ мүшелерінің кәсіпкерлік қызметімен, коммерциялық немесе кәсіби мүдделерімен байланысты ақпараттық материалдарды сатудан алынған қаражат;
- 5) банктік шоттың және банктік салым шарттарының талаптары бойынша ақшаны екінші деңгейдегі банктерге орналастырудан алынған кірістер
- 6) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

3.2. ӨРҰ бухгалтерлік есебін және қаржылық есептілігін жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті аудитке жатады.

3.3. ӨРҰ-да тұрақты мерзімді негізде төленетін міндетті мүшелік жарналар орнатылған.

Жарналар ӨРҰ меншігі болып табылады, ӨРҰ шотына түседі және оның қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

3.3.1. Мүшелік жарналар мөлшерлерін ӨРҰ Байқаушы кеңесі бекітеді.

3.3.2. Мүшелік жарналарды төлеу жыл сайын төлеуге ұсынылған шот негізінде жасалады.

3.4. ӨРҰ мүшелері міндетті жарналарды төлеуінің уақыттылығы мен толықтығын бақылау ӨРҰ Атқарушы органына жүктеледі.

3.5. ӨРҰ-дан шығу немесе шығарылу кезінде бұрын төленген жарналар қайтаруға жатпайды.

3.6. ӨРҰ меншігінде ғимараттар, құрылыстар, жабдық, кез келген басқа да мүлік, ұлттық валютадағы және шетел мемлекеттердің валютасындағы ақша, зияткерлік меншік нысандары, басқа да мүлдіктік және мүлдіктік емес құқықтар болуы мүмкін.

3.7. Кез келген, соның ішінде ӨРҰ қызметімен байланысты көздерден алынатын кірістер жарғылық міндеттерді шешуге жіберіледі және оның мүшелері арасында бөлуге жатпайды.

4. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. ӨРҰ мүшелері келесіге құқылы:

- 1) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен ӨРҰ басқаруға қатысуға;
- 2) ӨРҰ Жарғысында көзделген тәртіппен ӨРҰ мүшелерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға;
- 3) ӨРҰ қызметінің мәселелері жөнінде ұсыныстар кіргізу;

- 4) ӨРҰ қызметіне қатысты мәселелер бойынша оған жүгінуге, ӨРҰ қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіппен ӨРҰ бекітілген қаржылық есептілігімен танысуға;
- 5) ӨРҰ өткізетін іс-шараларға және жұмыс топтарына қатысуға;
- 6) ӨРҰ Жарғысында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен ӨРҰ-дан өз еркімен шығуға;
- 7) ӨРҰ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қаржылық немесе мүліктік көмек көрсетуге;
- 8) ӨРҰ Жарғысында көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. ӨРҰ мүшелері келесіге міндетті:

- 1) ӨРҰ алдында тұрған міндеттерді шешуге көмектесуге;
- 2) Жарғының, ӨРҰ мүшелігі туралы ереженің, ӨРҰ ережелері мен стандарттарының, сондай-ақ ӨРҰ басқа да құжаттарының шарттарын, талаптарын сақтауға және бұзбауға;
- 3) ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналасының шешімдерін орындауға;
- 4) ӨРҰ Байқаушы кеңесінің шешімімен белгіленетін тәртіппен және мөлшермен мүшелік жарналарды уақытылы төлеуге;
- 5) ӨРҰ Байқаушы кеңесінің және Бас директорының сұранымы бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ұсынуға;
- 6) ӨРҰ заңды мүддесіне, іскерлік беделіне және жүзеге асыратын қызметіне залал келтіретін әрекеттер жасамауға;
- 7) ӨРҰ қызметі туралы құпия ақпаратты жарияламауға;
- 8) ӨРҰ қайта құрылуы, атауындағы нақты және (немесе) заңды орналасқан жерінің құқықтық мәртебесіндегі өзгертулері, оның қызметіне әсер ететін басқа да өзгерістер туралы уақытылы хабардар етуге;
- 9) көпшілік алдындағы үндеулерде және сөз сөйлеуде өз ұстанымын білдірген кезде, егер осындай ұстаным ӨРҰ-мен жазбаша түрде келісілген болмаса, өз ұстанымын ӨРҰ атынан жарияламауға.

5. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚАБЫЛДАУ, ОЛАРДАН ШЫҒУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ

5.1. Ұйымдастыру-құқықтық нормалардан тәуелсіз Қазақстан Республикасында тіркелген, ӨРҰ Жарғысын, ережелері мен стандарттарын мойындайтын және оларды орындау бойынша міндеттемелерді өздеріне қабылдайтын, ӨРҰ мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын заңды тұлғалар ӨРҰ мүшелері болып табылады:

5.1.1 ӨРҰ құрылтайшылары;

5.1.2. теміржол көлігімен жүк тасымалдауға лицензиясы бар заңды тұлғалар.

5.2. ӨРҰ құрамына қабылдау Жарғыда, ӨРҰ мүшелігі туралы ережеде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен ӨРҰ Байқаушы кеңесі шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

5.3. ӨРҰ құрамынан өз еркімен шығу болжалды ӨРҰ құрамынан шығу күніне дейін кемінде бір айдан бұрын ӨРҰ Бас директорының атына берілген ӨРҰ мүшесінің жазбаша өтінішінің және ӨРҰ Байқаушы кеңесінің тиісті шешімі шығарылуы негізінде жүзеге асырылады.

5.4. Өтініш беруші ӨРҰ Байқаушы кеңесінің тиісті шешімі қабылданған күннен бастап ӨРҰ құрамынан шыққан болып саналады.

5.5. ӨРҰ-дан мүшенің шығуы келесі негіздемелердің бірі бойынша жасалады:

1) мүшелік жарналарды жүйелі түрде уақытылы емес төлеу;
2) Жарғының, ӨРҰ ережелерінің, стандарттарының және басқа да ішкі құжаттарының талаптарын бұзу, ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының және Байқаушы кеңестің шешімдерін орындамау;

3) ӨРҰ және оның мүшелерінің заңды мүдделеріне, сондай-ақ қызметтер тұтынушыларға залал келтіретін әрекеттер жасау;

4) темір жол көлігімен жүк тасымалдауға лицензиядан айыру (қайтып алу);

5) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе/және ӨРҰ құжаттарында көзделген өзге де негіздер;

5.6. ӨРҰ-дан шығару Байқаушы кеңестің шешімімен жасалады.

5.7. ӨРҰ мүшелері өзінің дербестігін және заңды тұлға құқықтарын сақтайды.

6. ӨРҰ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

6.1. ӨРҰ ұйымдық құрылымы ӨРҰ басқару органдарынан және мамандандырылған органдарынан тұрады.

6.2. ӨРҰ басқару органдары келесілер:

- Жоғарғы орган – ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы;
- Алқалы орган – ӨРҰ Байқаушы кеңесі;
- Атқарушы орган – ӨРҰ Бас директоры;
- Бақылау органы – Тексеру комиссиясы;

6.3. ӨРҰ мамандандырылған органдары келесілер:

- ӨРҰ мүшелерінің ӨРҰ ережелері мен стандарттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыратын орган;

- ӨРҰ мүшелерінің ӨРҰ ережелері мен стандарттарының талаптарын, ӨРҰ мүшелігі шарттарын бұзғаны туралы істерді қарау жөніндегі орган;

- ӨРҰ мүшелері мен тұтынушылар және тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы басқа да тұлғалар арасында туындайтын тұтынушылық дауларды қарау жөніндегі орган;

- Қазақстан Республикасының заңдарына және ӨРҰ құрылтай құжаттарына сәйкес ӨРҰ өзге де мамандандырылған органдары.

6.3.1. ӨРҰ мамандандырылған органдары ӨРҰ Байқаушы кеңесі бекіткен Ереженің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарының, негізінде әрекет етеді және өз функцияларын дербес жүзеге асырады.

6.4. ӨРҰ органдары, мүшелері есептілігінің және олардың қызметін бақылаудың тәртібін, мерзімдерін ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы есептік жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың аяғында белгілейді және бекітеді.

7. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

7.1. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен оның құзыретіне жатқызылған ӨРҰ қызметінің мәселелерін шешуге уәкілетті ӨРҰ жоғарғы басқару органы болып табылады.

7.2. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы оның жарғысымен белгілеген мерзімдікпен және тәртіппен, бірақ жылына бір реттен сирек емес шақырылады.

7.3. Шешімдер қабылдаған кезде ӨРҰ әр мүшесінің бір дауысы бар. ӨРҰ мүшесінің дауыс құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде ӨРҰ басқа мүшесіне табыстау, заңды өкіліне ғана рұқсат етеді.

7.4. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) ӨРҰ жарғысын бекіту, оған өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу;

2) ӨРҰ Байқаушы кеңесінің Төрағасы мен мүшелерін сайлау, аталған органның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату немесе Төрағасының немесе оның жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

3) ӨРҰ Бас директоры лауазымына тағайындау, лауазымнан мерзімінен бұрын босату, сондай-ақ атқарушы органды құру және оның өкілеттігін тоқтату;

4) ӨРҰ Жарғысында белгіленген тәртіппен ӨРҰ тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;

5) ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібі мен негіздерін, ӨРҰ мүшелерінің ӨРҰ ережелері мен стандарттарының талаптарын және мүшелігі шарттарын бұзғаны туралы істерді қарау тәртібін бекіту;

6) ӨРҰ қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаттарын белгілеу;

7) ӨРҰ жарғысында белгіленген тәртіппен және мерзімдікпен Байқаушы кеңестің, Бас директордың, тексеру комиссияның және мамандандырылған органдардың есептерін бекіту;

8) ӨРҰ бюджетін бекіту, оған өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу, ӨРҰ жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

9) ӨРҰ қайты құрылуы немесе жойылуы туралы шешім қабылдау, таратушыны немесе тарату комиссиясын тағайындау;

10) тұлғалардың ӨРҰ мүшелерінен шығарудың негізсіздігі жөніндегі жүгінулерін қарау;

11) ӨРҰ бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін жүргізуін тексеру үшін аудиторлық ұйымды тағайындау;

12) ӨРҰ ережелері мен стандарттарын бекіту, оларға өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына және ӨРҰ жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау.

7.5. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

ӨРҰ жыл сайын ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. ӨРҰ мүшелерінің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысын бетпе-бет және сырттай өткізуге болады.

7.5.1. ӨРҰ мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысында келесілер бекітіледі:

- ӨРҰ жылдық қаржылық есептілігі;

- ӨРҰ басқару органдарының ӨРҰ мүшелері алдында есеп беруі.

ӨРҰ мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы олар бойынша шешімдерді қабылдау ӨРҰ мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

ӨРҰ мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде өткізілуі тиіс. Есептік кезең бойынша ӨРҰ аудитін аяқтау мүмкін емес болған жағдайда аталған мерзім екі айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

ӨРҰ мүшелерінің жылдық Жалпы жиналысы ӨРҰ Байқаушы кеңесімен шақырылады.

7.5.2. ӨРҰ мүшелерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы келесінің бастамасы бойынша шақырылады:

- ӨРҰ Байқаушы кеңесінің;

- ӨРҰ Бас директорының;

- ӨРҰ мүшелерінің үштен бір бөлігінің.

7.6. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді келесілер жүзеге асырады:

- ӨРҰ Байқаушы кеңесі;

- ӨРҰ Бас директоры;

- ӨРҰ тарату комиссиясы.

ӨРҰ мүшелерінің үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді ӨРҰ Бас директоры жүзеге асырады.

7.7. Жалпы жиналысты шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды ӨРҰ көтереді.

7.8. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының ұйымдастыру және өткізу тәртібін, шарттарын ӨРҰ басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру регламентімен белгіленеді.

8. БАЙҚАУШЫ КЕҢЕС

8.1. Байқаушы кеңес – ӨРҰ құрылтайшылары болып табылатын мүше заңды тұлғалар өкілдерінен тұратын, 7 (жеті) адамнан аспайтын, ӨРҰ орналасқан жерде, ӨРҰ алқалы басқару органы. Байқаушы кеңесті ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысымен сайланатын Төраға басқарады.

8.2. Байқаушы кеңестің Төрағасы:

- 1) Байқаушы кеңестің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының отырыстарына, Байқаушы кеңестің отырыстарына және ӨРҰ қызметіне тиесілі басқа да іс-шараларға қатысады;
- 3) ӨРҰ қызметін жетілдіру бойынша шаралар ұсынады;
- 4) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, теміржол әкімшіліктері мен халықаралық ұйымдарда ӨРҰ мүдделеріне өкілдік етеді.

8.3. ӨРҰ Байқаушы кеңесінің құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) ӨРҰ мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олар қызметін жүзеге асыру ережелерін бекіту;
- 2) ӨРҰ мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы және мамандандырылған органның ұсынуы бойынша оларды алып тастау немесе өтеу туралы шешім қабылдау;
- 3) ӨРҰ Атқарушы басқару органының қызметін тексерулерді жүргізу туралы шешімдер қабылдау;
- 4) ӨРҰ мүшелерінің жалпы жиналысына ӨРҰ Бас директоры лауазымына тағайындау және лауазымынан босату үшін үміткерді немесе үміткерлерді ұсыну;
- 5) олардың өтініштері бойынша ӨРҰ құрған төрелікте қаралатын даулар қатысушылары оларды таңдауы үшін, кандидатуралары төрешілер ретінде ұсыныла алатын тұлғалардың тізбесін бекіту;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ӨРҰ жарғысында көзделген негіздер бойынша ӨРҰ мүшелеріне кіру немесе ӨРҰ мүшелерінен шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) ӨРҰ қызметінің проблемалы мәселелері бойынша, сондай-ақ ӨРҰ мүшелерінің қызметін жүзеге асыру үдерісінде туындайтын мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау;
- 8) ӨРҰ бюджетін келісу және ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының бекітуіне ұсыну;
- 9) ӨРҰ атауын, орналасқан жерін өзгерту туралы шешімдер қабылдау;
- 10) ӨРҰ мүшелік жарналарының мөлшерін және төлеу тәртібін бекіту;
- 11) ӨРҰ жылжымайтын мүлкіне және негізгі қаражатына иелік ету туралы мәмілелерді, сомасы 3000 АЕК астам кепілзаттық мәмілелерді, кепілдік және кепілгерлік мәмілелерін келісу;
- 12) ӨРҰ өкілдіктері мен филиалдары туралы ережені бекіту;

13) ӨРҰ жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

8.4. ӨРҰ Байқаушы кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, шарттарын ӨРҰ басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру регламентімен белгіленеді.

8.5. ӨРҰ Байқаушы кеңесінің мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қайшылығы туралы жазбаша түрде мәлімдеуге міндетті. ӨРҰ Байқаушы кеңесінің мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қайшылығы және осыған орай өзін-өзі реттеу субъектілерінің заңды мүдделеріне зиян келтіру мүмкіндігі туралы мәлімдеу міндетін бұзған жағдайда, ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы осы мүшенің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

8.6. Байқаушы кеңестің мүшелері өз міндеттерінен, оның ішінде өз бастамасы бойынша, ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы шешімімен босатыла алады.

9. БАС ДИРЕКТОР

9.1. ӨРҰ Бас директорының құзыретіне ӨРҰ мүшелерінің жалпы жиналысының және ӨРҰ Байқаушы кеңесінің құзыретіне жатпайтын ӨРҰ шаруашылық және өзге де қызметінің кез келген мәселелері жатады. Бас директор Байқаушы кеңестің ұсынуы бойынша ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысымен бекітілетін мерзімге, бірақ үш жылда бір реттен сирек емес тағайындалады.

9.2. Бас директор сенімхатсыз әрекет етеді және ӨРҰ атынан сөз сөйлейді және үшінші тұлғалармен қатынастарда ӨРҰ-ға өкілдік етеді.

9.3. Бас директор:

1) ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы мен Байқаушы кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) ӨРҰ мүшелерінде туындайтын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды, кеңес беруді ұйымдастырады, теміржол көлігімен жүк тасымалдау саласындағы қызметтерді дамытуды ынталандыратын жалпы мемлекеттік және ведомстволық нормативтік актіледі дайындауға бастамашылық етеді;

3) ӨРҰ ағымдағы қызметін басқарады;

4) ӨРҰ қаржылық және ағымдағы құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие болады;

5) ӨРҰ жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды, басқа лауазымға ауыстырады және лауазымынан босатады, олармен еңбек шарттарын жасасады, жұмыскерлердің міндеттерін бөледі және құзыретін белгілейді;

6) ӨРҰ штаттағы жұмыскерлеріне бұйрықтар мен өкімдер шығарады, тәртіптік шараларды салады, ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы бекіткен бюджет шеңберінде қызметтік жалақылар мен дербес үстемақылар мөлшерлерін белгілейді, ынталандыру шараларын қабылдайды;

7) ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы үшін ӨРҰ қызметі туралы есептер дайындайды;

8) Байқаушы кеңестің және ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналыстарын өткізуді ұйымдастырады;

9) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ӨРҰ мүдделеріне өкілдік етуге сенімхаттар береді;

10) ӨРҰ банк шоттарын ашады, бекітілген бюджетке және Байқаушы кеңестің шешіміне сәйкес қаражатты жұмсауды жүзеге асырады;

11) ӨРҰ мүшелері мүшелік жарналардың барлық түрлерін уақытылы және толық төлеуін бақылауды жүзеге асырады;

12) ӨРҰ мүшелігіне қабылдау және оны тоқтату туралы өтініштер қабылдайды;

13) ӨРҰ атынан үшінші және өзге де тұлғаларға кінәрат-талаптар мен қуынымдар қою туралы шешімдер қабылдайды;

14) Жарғыға және Байқаушы кеңеспен келісумен ӨРҰ қызметін регламенттейтін өзге де құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар туралы ұсыныстарды ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысының қарауына шығарады;

15) ӨРҰ мүшелерінің және Байқаушы кеңестің Жалпы жиналысында мүшелік жарналардың мөлшерлері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері туралы ұсыныстармен шығады;

16) бекітілген бюджеттің шегінде әкімшілік-шаруашылық сметаларды бекітеді;

17) ӨРҰ міндеттерін шешу үшін жұмыс топтарының құрамын бекітеді;

18) Өкілдіктер мен филиалдар туралы ережені келісу және бекітуге шығарады;

19) теміржол жүк тасымалдаулары қызметтерінің саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындауға қатысады;

20) мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, теміржол әкімшіліктері мен халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу шеңберінде ӨРҰ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша шаралар қабылдайды;

21) ӨРҰ мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша шаралар белгілейді;

22) ӨРҰ қаржыландыру жоспарлары мен бюджетін әзірлейді және Байқаушы кеңеспен келіседі;

23) ӨРҰ қызметінің тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды және ережелерді бекітеді;

24) ӨРҰ қызметі туралы құпия ақпаратты белгілейді;

25) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ӨРҰ міндеттерін жүзеге асырады.

10. ӨРҰ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

10.1. ӨРҰ бақылау органы – ӨРҰ қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асыратын тексеру комиссиясы.

10.2. ӨРҰ тексеру комиссиясының құрылымы, қалыптасу тәртібі, құзыреті мен өкілеттік мерзімі және олардың шешімдер қабылдау тәртібі ӨРҰ Тексеру комиссиясы туралы ережемен белгіленеді.

11. ӨРҰ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

11.1. ӨРҰ келесіге құқылы:

1) мемлекеттік органдармен, олар жүгінген жағдайда жеке және заңды тұлғалармен өзара қатынастарда өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне өкілдік етуге және оларды қорғайды, сондай-ақ олардың өкілі болуға;

2) мемлекеттік органдарға өзін-өзі реттеу субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін кемітетін нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсыныстар кіргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға;

4) даулардың сотта және сотқа дейінгі, оның ішінде төрелікте, шешілуіне қатысуға;

5) мүшелік жарналарды жинауға және ӨРҰ мүлкін басқа, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған көздерден қалыптастыруға;

6) ӨРҰ жұмыскерлеріне, мүшелеріне кәсіби оқыту жүргізуді, аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыруға;

7) ӨРҰ мүшелерін олардың ӨРҰ ережелері мен стандарттарының талаптарын, ӨРҰ мүшелігі шарттарын орындауы жағынан бақылауға;

8) өз мүшелеріне қатысты, Қазақстан Республикасының заңдарымен және ӨРҰ жарғысымен көзделген ықпал ету шараларын қолдануға;

9) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасын бұзатын тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар кіргізуге;

10) өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

11) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерден басқа, ӨРҰ-ға Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында алуға.

12) заң жобаларының тұжырымдамаларын, өзін-өзі реттеу субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуға;

13) реттеуші мемлекеттік органдардың қарауына өзін-өзі реттеу субъектісіне қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді.

14) ӨРҰ Қазақстан Республикасының заңдарымен және ӨРҰ жарғысымен белгіленген өзге де құқықтары бар.

11.2. ӨРҰ келесіге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, ӨРҰ жарғысын және ол қабылдаған ережелер мен стандарттарды орындауға;

2) өкілеттігі шегінде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тұтынушыларының құқықтары мен мүдделерінің бұзылуын болдырмау бойынша шаралар қабылдауға;

3) мүшелері арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге;

4) мүшелерін ақшаның түсуі және оның жұмсалуды туралы хабардар ету;

5) өз қызметінің және өз мүшелері қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңдарымен, ӨРҰ жарғысымен немесе ӨРҰ мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге де құжатпен белгіленген тәртіппен кейін реттеуші мемлекеттік органдарға ұсынумен, өз мүшелерінің қызметін олар ӨРҰ-ға есептер түрінде беретін ақпараттың негізінде талдауды жүзеге асыруға;

7) оның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын, ӨРҰ ережелері мен стандарттарын бұзғаны туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен, ӨРҰ жарғысымен немесе ӨРҰ мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген өзге де құжатпен белгіленген тәртіппен ӨРҰ мүшелеріне қатысты қолданған ықпал ету шаралары туралы реттеуші мемлекеттік органға хабарлауға;

8) тұтынушылардан түскен жүгінулер және оларды қарау нәтижелері туралы ақпаратты тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға;

9) тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға және Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне өз мүшелері туралы өзекті ақпаратты ұсынуға;

10) ӨРҰ мүшелері мен тұтынушылар және тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы басқа да тұлғалар арасында туындайтын тұтынушылық дауларды қарау жөніндегі орган құруға;

11) Қазақстан Республикасының Заңдарымен және ӨРҰ жарғысымен ӨРҰ өзге де міндеттері белгілене алады.

11.3. ӨРҰ өзін-өзі реттеуде мүдделер қайшылығы туындауына апарып соғатын қызметті жүзеге асыруға және әрекеттер жасауға құқылы емес.

12. ӨРҰ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

12.1. ӨРҰ барлық мүшелері орындауға міндетті, келесі мақсаттарды қамтамасыз етуге бағытталған ережелер мен стандарттар әзірлеуге құқылы:

- 1) мүшелеріне қойылатын талаптарды белгілеу;
- 2) мүшелері өндіретін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сапасы мен қауіпсіздігін арттыру;
- 3) тұтынушыларды тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сапасына қатысты адастыратын әрекеттердің алдын алу;
- 4) шығарылатын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 5) мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдерін;
- 6) мүшелерінің мүдделерін қорғау.

12.2. ӨРҰ ережелері мен стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

ӨРҰ ережелері мен стандарттарын қабылдау мемлекеттік органдардың өзін-өзі реттеу субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді өз құзыретінің шегінде қабылдау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

12.3. Ережелер мен стандарттар ӨРҰ интернет-ресурсында орналастырылады және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімдік баспасөз басылымдарында жарияланады.

13. ӨРҰ АҚПАРАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

13.1. ӨРҰ өз интернет-ресурсында орналастыру және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімдік баспасөз басылымдарында жариялау арқылы келесі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- 1) өз мүшелерінің құрамы туралы;
- 2) ӨРҰ мүшелерінің олар өндірген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тұтынушылары және өзге де тұлғалар алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етудің шарттары, тәсілдері мен тәртібі туралы;
- 3) ӨРҰ-да өз мүшелігін тоқтатқан мүшелер және олардың мүшелігі тоқтатылу негіздері туралы;
- 4) ӨРҰ мүшелігі шарттары туралы;
- 5) ӨРҰ ережелері мен стандарттарының мазмұны туралы;
- 6) ӨРҰ басқару органдарының және мамандандырылған органдарының құрылымы мен құзыреті, ӨРҰ Байқаушы кеңесінің, Атқарушы басқару органының сандық және дербес құрамы, ӨРҰ Бас директорының функцияларын жүзеге асыратын тұлға туралы;
- 7) мүшелерінің Жалпы жиналысымен және ӨРҰ Байқаушы кеңесімен қабылданған шешімдер туралы;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ӨРҰ ережелері мен стандарттарын бұзғаны үшін ӨРҰ мүшелері жауапкершілікке тартылған оқиғалар туралы (егер мұндай ақпарат бар болса);

9) ӨРҰ соттарға берген кез келген қуынымдар мен арыздар туралы;

10) ӨРҰ өткізген ӨРҰ мүшелерінің қызметін тексеру нәтижелері туралы;

11) ӨРҰ жылдық қаржылық есептілігі және Қазақстан Республикасының заңдарымен осындай аудиттің міндеттілігі белгіленген жағдайлардағы оның аудитінің нәтижелері туралы;

12) ӨРҰ мүшелерінің олар өндірген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тұтынушылары және өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз етудің тәсілі ретінде ӨРҰ өтемақылы қорын қолданған жағдайда өтемақылы қордың көлемі туралы, сондай-ақ ӨРҰ мүшелерінің олар өндірген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тұтынушылары және өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету мақсатында ӨРҰ өтемақылы қорын төлемдер жасау деректері туралы және осындай төлемдер жасалған болса, осындай төлемдердің негіздері туралы ақпарат;

13) Қазақстан Республикасының заңдарымен және (немесе) ӨРҰ құжаттарымен қарастырылған өзге де ақпарат.

13.2. ӨРҰ оның жұмыскерлері заңсыз пайдалануы ӨРҰ мүшелеріне моральдық зиян және (немесе) мүліктік залал келтіруі мүмкін немесе осындай зиян және (немесе) залал келтіруге алғышарттар жасауы мүмкін ақпаратты алу, пайдалану, өңдеу, сақтау және қорғау тәсілдерін қарастырады.

13.3. ӨРҰ өз жұмыскерлеріне қызметтік жағдайы себебінен белгілі болған ақпаратты олар заңсыз қолданған әрекеттері үшін өз мүшелері алдында жауапкершілік көтереді.

13.4. ӨРҰ ақпаратты ашу бойынша міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісті деңгейде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

14. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

14.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, ӨРҰ жарғысының, ережелері мен стандарттарының талаптарын бұзғаны үшін ӨРҰ мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарына және ӨРҰ ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

14.2. ӨРҰ мүшелерін жазаларға тарту, оларды алып тастау және шағымдану тәртібі, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбеген болса, ӨРҰ жарғысы мен ережелерімен белгіленеді. ӨРҰ мүшесі жасаған теріс қылық үшін оны бір ғана жазаға тартуға болады.

14.3. ӨРҰ ережелері мен стандарттарының талаптары бұзылғаны туралы істер бойынша іс жүргізу ӨРҰ Бас директорының құзыретіне жатады.

14.4. Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеуші мемлекеттік органдарының ӨРҰ-ға іс қозғау туралы ұсыну кіргізу құқығы қарастырылған жағдайларда, оны қарау олардың өкілінің қатысумен жасалады. Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар болған осындай өкілдің келмеуі іс жүргізуді жүзеге асыруға кедергі етпейді.

14.5. ӨРҰ Бас директорының жазаға тарту туралы шешіміне ӨРҰ мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіппен шағымдана алады.

14.6. Егер жазаға тартылған күннен бастап алты айдың ішінде мүше жаңа жазаға кіріптар етілмесе, ол жазаға тартылмаған деп саналады.

15. МҮЛІКТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

15.1. ӨРҰ өзінің және өз мүшелерінің олар өндірген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тұтынушылары және өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәсілдерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданады.

15.2. Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдері мен пайдалану тәртібі, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделмеген болса, ӨРҰ ережелерімен белгіленеді.

16. ӨРҰ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

16.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысымен қабылданады.

16.2. ӨРҰ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелуге жатады және, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделмеген болса, тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

17. ӨРҰ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУ ТӘРТІБІ

17.1. ӨРҰ заңнамамен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен қайта құрыла алады.

17.2. ӨРҰ қайта құрылуы қосылу, қосу, бөліну, бөлу, қайта құру түрінде және ҚР заңнамасында көзделген басқа да түрлерде жасала алады.

17.3. ӨРҰ өз еркімен (Жалпы жиналыстың шешімі бойынша) және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негізде және тәртіппен таратылуы мүмкін.

17.4. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына таратылу туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті. ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы ӨРҰ тарату комиссиясын

тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ӨРҰ тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

17.5. ӨРҰ тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап, оған ӨРҰ мүлкі мен істерін басқару өкілеттіктері ауысады. ӨРҰ тарату комиссиясы таратылатын ӨРҰ атынан сотта сөз сөйлейді.

17.6. ӨРҰ тарату комиссиясы ӨРҰ таратылуы туралы, сондай-ақ оның кредиторлары наразылық білдіру тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты ресми баспасөз басылымдарында жариялайды және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кредиторларды анықтау мен берешекті алу шараларын қабылдайды.

17.7. ӨРҰ тарату комиссиясы таратылатын ӨРҰ кредиторларына ақша төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезектілік тәртібімен, бекітілген күнінен бастап, ӨРҰ аралық тарату теңгеріміне сәйкес жасалады.

17.8. Кредиторлармен есеп айырысуды аяқтағаннан соң, ӨРҰ тарату комиссиясы ӨРҰ мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітетін тарату теңгерімін құрастырады.

17.9. ӨРҰ таратылуы осы туралы жазба заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне кіргізілгеннен кейін аяқталған деп саналады.

17.10. Таратылуынан соң қалған ӨРҰ мүлкі жарғылық мақсаттарға жіберіледі.

Бас директор

Е. Больгерт

Утвержден
Общим собранием членов ОЮЛ «Саморегулируемая
организация «Ассоциация казахстанских грузовых
железнодорожных перевозчиков»
Протокол №05 от «27» января 2022 года



УСТАВ
**ОЮЛ «Саморегулируемая организация «Ассоциация казахстанских
грузовых железнодорожных перевозчиков»**

город Нур-Султан, 2022 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Объединение юридических лиц «Саморегулируемая организация «Ассоциация казахстанских грузовых железнодорожных перевозчиков» (далее именуемое - СРО) является добровольным объединением юридических лиц (далее – члены), саморегулируемой организацией, основанной на добровольном участии.

1.2. СРО осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Законом Республики Казахстан «О саморегулировании» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

